

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің газ-электр дәнекерлеушісі	ЛН 243-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1-беті
---	---	---

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті»
КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
_____ Сагинтаева С.С.
« _____ » _____ 2024 ж.

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ ГАЗ-ЭЛЕКТР ДӘНЕКЕРЛЕУШІСІ

ЛН 243-2024

Әзірлеуші: ӘЗД директоры
М.М.Кожухова _____

Дана № _____
Көшірме № _____

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің газ-электр дәнекерлеушісі	ЛН 243-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 2-беті
---	---	---

1 Қолдану саласы

Осы лауазымдық нұсқаулық (бұдан әрі - ЛН) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесіндегі шаруашылық бөлімі газ-электр дәнекерлеушісінің лауазымдық міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін және басқа персоналмен өзара қарым-қатынасын айқындайды.

2 Жалпы қағидалар

2.1 Шаруашылық бөлімінің (бұдан әрі - ШБ) газ-электр дәнекерлеушісі қызмет көрсетуші персоналға жатады.

2.2 Газ-электр дәнекерлеуші лауазымына тағайындау және одан босату шаруашылық бөлімі бастығының ұсынысы бойынша «Әбілқас Сағынов атындағы Қара-ганды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығымен жүргізіледі

2.3 ШБ газ-электр дәнекерлеушісі шаруашылық бастығына бағынады.

2.4 ШБ газ-электр дәнекерлеушісі өз қызметінде мыналарды басшылыққа алады:

- қауіпсіздік техникасы ережелерін;
- Университеттің Ішкі тәртіп ережелерін.

2.5 Газ-электр дәнекерлеушісі уақытша болмаған кезеңде (іссапар, демалыс, ауру, т. б.) оның міндеттері белгіленген тәртіппен тағайындалған адамға жүктеледі, ол тиісті құқықтарға ие болады және өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты болады.

3 Сипаттама

3.1 Біліктілік талаптары

ШБ газ-электр дәнекерлеушісі лауазымына орта кәсіптік білімі, газ-электр дәнекерлеуші куәлігі, газ-электр дәнекерлеу аппаратурасымен жұмыс істеуге рұқсаты, басқа ұйымдарда оң жұмыс тәжірибесі бар адам тағайындалады. Жұмыс өтілі 1 жыл.

3.2 ШБ газ-электр дәнекерлеушісі мыналарды білуі керек:

- газ-электр дәнекерлеу аппаратурасы мен жабдығының құрылғысы;
- металды тегістеуішпен және газбен дәнекерлеу тәсілдері;
- ауамен сүргілеуден кейін дәнекерлеу жігіне және беттерге қойылатын талаптар;
- дәнекерлеу және пісіру үшін бөлшектер мен тораптарды дайындау ережесі;
- металды қыздыру режимін металл маркасына және оның қалыңдығына қарай таңдау ережесі;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің газ-электр дәнекерлеушісі	ЛН 243-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 3-беті
---	---	---

- дәнекерленетін бұйымдарда ішкі кернеулер мен деформациялардың пайда болу себептері және олардың алдын алу шаралары;
- әртүрлі дәнекерлеу режимдеріндегі жұмыс ережелері;
- дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі ҚТ ережелері;
- оттегі және газ-электрмен кесу кезінде кесу және газ тұтыну режимі;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілер;
- университеттің ішкі еңбек тәртібі ережелері.

3.3 Лауазымдық міндеттері:

- барлық дәнекерлеу жабдықтарын жарамды күйде ұстау;
- оның профилактикалық және ағымдағы жөндеуін жүргізу;
- барлық дәнекерлеу жұмыстарын ШБ бастығы анықтаған тапсырма бойынша орындау;
- дәнекерлеу жұмыстарын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және өзге де шектеулерді сақтауға;
- пропанмен, оттегімен дәнекерлеу үшін баллондарға құюды уақтылы ұйымдастыру.

3.4 Құқықтар:

- жұмыс істеу үшін қажетті барлық нәрсені қамтамасыз ету бойынша ШБ бастығына өтініштермен және талаптармен жүгіну;
- ШБ бастығына жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.

3.5 Жауапкершілік:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған Қағидада көзделген өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін;
- өзінің кінәсінен болған ереже бұзғаны үшін, сондай-ақ қызмет көрсетілетін учаскедегі жұмыстағы кез келген ереже бұзуды дұрыс жолға қоймағаны үшін;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде материалдық залал келтіргені үшін;
- сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзғаны, еңбек тәртібін және университеттің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін.

3.6 Қарым-қатынас.

Жұмыс барысында газ-электр дәнекерлеушісі ШБ бастығымен қызметтік өзара қарым-қатынасқа түседі.

4 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы ЛН-ге мынадай өзгерістер енгізіледі:

- функцияларды және лауазымдық міндеттерді қайта бөлу қажет болған

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің газ-электр дәнекерлеушісі	ЛН 243-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 4-беті
---	---	---

жағдайда;

- қайта құру немесе штаттарды қысқарту кезінде;
- ұйымның атауын өзгерту немесе жұмыс атауын өзгерту.

5 Келісу және қолданысқа енгізу

Лауазымдық нұсқаулық төмендегілермен келісіледі:

- инфрақұрылымды дамыту жөніндегі директор;
- заң бөлімінің бастығы;
- ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасы.

6 Сақтау

Лауазымдық нұсқаулық қызметкердің назарына «Танысу парағында" (Б қосымшасы) лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасында және көшірмесінде қол қойылып жеткізіледі. Танысу туралы қолы қойылған бекітілген Нұсқаулықтың ескерілген данасы ШБ-ға беріледі, ал түпнұсқасы әкімшілік-заң департаментінің кадр бөлімінде сақталады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің газ-электр дәнекерлеушісі	ЛН 243-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 5-беті
---	--	---

А қосымшасы
(міндетті)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің газ-электр дәнекерлеушісі	ЛН 243-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 6-беті
---	--	---

Б қосымшасы
(міндетті)

Φ.02-2024

Танысу парағы

[illegible]